

**"Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қаңтардағы N 9 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**"Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы"**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 168-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 277-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат ; N 18, 157-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі тіркеу - жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтардың ауыртпалығын), оның ішінде әкімшілік-аумақтық бірліктер анықтаған аумақтар бойынша тізбектелген тәртіппен жүзеге асырылатын тіркеу жүйесі енгізілгенге дейін туындаған құқықтарды тіркеу.";

2) мынадай мазмұндағы 3-1-баппен толықтырылсын:

"3-1-бап. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі тіркеу

1. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі тіркеу белгілі бір аумақта тұратын

жылжымайтын мүлікке белгіленген тәртіппен тіркелмеген құқықтарды және құқықтардың ауыртпалығын белгілі бір мерзімде мемлекеттік тіркеуден тұрады.

2. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі тіркеу кезінде, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу жүйесі енгізілгенге дейін туындаған құқықтар мен ауыртпалықтар да мемлекеттік тіркелуі тиіс.

3. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі тіркеудің негіздемесі, тәртібі және жүргізу мерзімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен анықталады."

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК